


Кафедра:хирургия,анестезиология және реанимация



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ
АНЕСТЕЗИОЛОГИЯ ЖӘНЕ РЕАНИМАТОЛОГИЯ**

**Орындаған:Ешматова А.Б
Қабылдаған:Дүйсебекұлы Қ
Тобы:ТҚ-603**

Жоспар

- Кіріспе
- Анестезиология және реанимотологиялық бөлімшелердің құрылымы
- Анестезиология және реанимация бөлімдерінің негізгі міндеті
- Керекті құрал жабдықтар
- Экспресс-зерттеу тәсілдері
- Пайданылған әдебиеттер

Кіріспе

- Реанимотология – ағзаның қайта тірілуі туралы ғылым (латынның «ге»- қайтадан, «animare» - тірілту деген сөздерден шыққан.) ол өзіне тән міндеті, мақсаты бар жеке ғылыми сала болып табылады. Реанимациялық шаралар көбіне өмірге маңызды ағзалар :жүрек-қанайналым жүйесін, тыныс алу және орталық жүйке жүйесі қызметін қалпына келтіруге бағытталған кешенді іс-шаралар жүйесі.
- Анестезиология дегеніміз агрессивті диагностикалық процедура кезінде немесе оперативті араласу кезінде науқастың өмірлік функцияларын басқару туралы ілім. Анестезия грек сөзінен аударғанда «жансыздандыру» деген мағынаны береді. Яғни қатты ауырсынуды басу үшін, операциялық травманы азайту үшін қолданылады.

Қазақстан Республикасының халқына
анестезиологиялық және
реаниматологиялық көмек көрсету туралы
қағида 2011 жылғы 9 маусымдағы
№ 372 бұйрығымен
бекітілген . Бөлімшенің штаты жергілікті
денсаулық сақтау саласындағы облыстық (Алматы
және Астана қалаларында) өкілетті
органның белгілеген тәртібімен бекітіледі.

Анестезиологиялық және реаниматологиялық көмек көрсететін ұйымдардың құрылымдық бөлімшелері

- 1) анестезиология және реанимация тобы;
- 2) анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшесі;
- 3) анестезиология бөлімшесі;
- 4) реанимация және қарқынды терапия бөлімшесі;
- 5) анестезиология, реанимация және қарқынды терапия орталығы болып табылады.

Анестезиология және реанимация

тобының негізгі міндеттеріне жатады

- ★ операциялар, босану, зерттеу және ем-шаралар кезінде, анестезияға дайындық және жүргізу бойынша шараларды кешенді іске асыру
- ★ аурудың салдарынан, жарақаттан, операциядан және басқа себептерден кейінгі өмірлік қажетті жүйелерін қалпына келтіру және қолдау бойынша шаралар кешенін іске асыру.
- ★ аурудың салдарынан, жарақаттан, операциядан және басқа себептерден кейінгі өмірлік қажетті жүйелерін қалпына келтіру және қолдау бойынша шаралар кешенін іске асыру

Негізгі міндеттеріне сәйкес реанимация және анестезиология тобы

1) анестезия әдісін анықтайды, операция алдындағы дәрі-дәрмектік дайындықты және операциялар, босану, зерттеу және емдік шаралар кезінде анестезия жүргізуді іске асырады

2) науқастарды емдеу және әрі қарай қалдыру үшін айғақтарды қалыптастырады, өмірлік маңызы бар органдардың қызметі тұрақталған соң, науқастарды стационардың басқа бөлімшелеріне ауыстыруды іске асырады

3) бөлімшелерде науқастарға айғақтар бойынша реанимация жүргізеді

4) практикалық анестезиология және реаниматология мәселелері бойынша басқа мамандық дәрігерлеріне кеңес береді

5) басқа бөлімшелермен жұмысты сабақтаса және өзара байланыса отырып іске асырады

6) анестезиология және реаниматология мәселелері бойынша конференциялар ұйымдастырып, өткізеді

Анестезиология және реанимация тобы:

1) қарқынды бақылау мен ем және операция палатасын арнайы жабдықпен, оның ішінде ағзаның өмірлік маңызды қызметтерін бақылайтын және жасанды қуаттайтын жабдықтармен;

2) қосалқы үй-жайлармен: медицина қызметкерлеріне арналған аппаратураны, дәрі-дәрмектерді, жаялықтарды сақтайтын үй-жайлармен;

3) ауырсындырмауды, реанимацияны және қарқынды терапияны толыққанды жүргізу үшін қажетті мөлшерде дәрілік заттармен қамтамасыз етілуі тиіс.

Анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінің құрамына



операциялық залдары



реанимация және қарқынды
терапия жүргізу



операциядан кейінгі ояту палаталары

Керекті құрал жабдықтар

- операциялық залдарда операциялық үстелдер саны бойынша өкпені жасанды желдететін аппараттар немесе наркозды тыныстық аппараттар, мониторлар, электроаспираторлар, перфузорлар (инелік насостар);
- операциядан кейінгі ояту палаталарында әр төсекке біреуден өкпені жасанды желдететін аппараттар;

перфузор



электроаспиратор



Кислородная подушка

- **Экспресс-зертхана** анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінің құрамдық бөлігі болып саналады. Экспресс-зертхана реанимация және қарқынды терапия палаталарына жақын орналасуы қажет

экспресс-зертханасының негізгі мақсаты

реанимация және қарқынды терапия палаталарындағы, операция кезінде, ерте операциядан кейінгі кезеңде, сонымен бірге денсаулық сақтау ұйымының басқа да бөлімшелеріндегі науқастарға шұғыл операция алдында анестезиолог-реаниматолог дәрігердің тағайындауы бойынша, ағзаның өмірлік маңызды қызметінің биохимиялық, клиникалық және басқа да зертханалық көрсеткіштеріне тәулік бойы бақылау жүргізу болып табылады. . Экспресс-зертхана көбінесе аз уақыт алатын экспресс әдістерді қолданады

Міндетті зерттеулер тізіміне кіруі қажет:

қанның газдық құрамын анықтау

қан плазмасында (сарысуда) калий, натрий, хлор, кальций, магний концентрациясын анықтау

қанның коагуляциялаушы , ұю қасиетін анықтау (коагулограмма немесе тромбоэластограмма)

гемоглобин концентрациясын зерттеу, бос гемоглобин (гемоллиз деңгейі), гемокрит көрсеткіштері, лейкоциттер (лейкоцитарлы формула санау), ақуыз, зәр қышқылы, глюкоза, амилаза белсенділігі, қан мен несептің осмолярлығы, интоксикацияның лейкоцитарлық индексін есептеу

кейбір ферменттердің (аланинтрансфераза, аспартаттрансфераза, лактатдегидрогеназа, сілтілі фосфатаза, креатининфосфат, креатининфосфокиназа) белсенділігін, миофибрин концентрациясын анықтау

креатинин, глюкоза концентрациясы, рН, тығыздығы, тәулік ішінде шығаралатын зәр қышқылының мөлшері (грамм), амилаза, эритроциттер саны

зертханалық әдістермен резус-факторды анықтау

қан мен зәрді алкоголь мен оның сурагаттарын, сонымен бірге қажеттілігінше басқа да көрсеткіштерді анықтау

Анестезия жүргізу үшін:

- Анестезиолог дәрігер науқасқа немесе оның заңды өкіліне ұсынылған анестезия әдісі туралы толыққанды ақпарат беріп науқастың анестезияға ақпаратты келісімін алады. Науқастың жағдайы өз келісімін бере алмайтын күйде болса (шок, коматоз жағдайында; ауыр психикалық аурумен ауырса; он сегіз жасқа толмаған; заңды түрде қабілетсіз деп танылған) шұғыл анестезия заңды өкілдерінің жазбаша келісімінің негізінде жүргізіледі, заңды тұлғалар болмаған жағдайда, дәрігерлер консилиумымен, дәрігерлер консилиумын жинай алмаған кезде шешімді анестезиолог дәрігердің өзі қабылдап, медициналық ұйымның лауазымды тұлғаларына ескерту жасайды. Қарау нәтижелерін, өз қорытындысын науқастың таңдаған анестезияға келісімін (заңды тұлғалардың, дәрігерлер консилиумының шешімін) анестезиолог дәрігер медициналық құжатқа енгізеді.


Анестезиолог міндеті

- Анестезия кезіндегі асқынулар пайда болуын анестезиолог дәрігер тез арада анестезиологиялық және реаниматологиялық қызметтің құрылымдық бөлімшесінің меңгерушісіне хабарлауы қажет.
- Анестезиолог дәрігер анестезия жүргізу кезінде анестезиядан басқа жұмысты орындамайды, реанимация және қарқынды терапия палаталарында, операциядан кейінгі ояту палаталарындағы науқастарды бақылайды, трансфузиялық терапияны жүзеге асырады
- Анестезиолог дәрігер операциялық бөлмеден анестезия кезінде операция біткенге дейін кетпейді (жедел қажеттілік туындаған жағдайда науқастың жағдайын анестезиологиялық картада көрсетеді).

- Реанимация және қарқынды терапия палатасына бейінді бөлімшелерден ауруының емі паллиативті терапияға келетін ауруымен (онкологиялық аурулардың декомпенсацияланған сатыларындағы) науқастар ауыстырылмайды.

Әдебиеттер

- www.booksmed.com/anasteziologia
- online.zakon.kz/document
- Adilet.zan.kz/kaz/docs
- Med-site.narod.ru
- www.doctor.ru
- www.medicum.nnov.ru



**Назар аударғандарыңызға
рахмет**